

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектеп

Жылдық жоспар

Әлеуметтік педагог: Ж.Айтымбетова



«Бекітемін»
Мектеп директоры:
А.Камбарова



*№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта
мектебінің әлеуметтік педагогының жылдық
жұмыс жоспары*

Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты:
Мектеп оқушыларымен, ата-аналармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын, көпбалалы отбасы балаларын, жартылай жетім және оралман оқушылармен әлеуметтік қолдау жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар тәртібінде ауытқушылығы бар және қиын, құқықбұзуға бейім балалармен әлеуметтік-психологиялық және құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Әлеуметтік педагог жылдық жұмыс жасай отырып, медбикемен, сынып жетекшілермен, педагог-психологпен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасармен, полиция қызметкерлерімен, «Қамқоршылық» кеңесінің жұмысымен жылдық жоспар жасайды.

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
<i>Ұйымдастыру бөлімі</i>			
1	Нормативтік-құқықтық құжаттар базасын жинақтау	үнемі	Әлеуметтік педагог
2	Әлеуметтік педагогтың жылдық жоспарын құру, бекіту	мамыр, тамыз	әлеуметтік педагог
3	Мектептің, сыныптардың әлеуметтік толқуының құру, оқушылар контингентіне талдау жасау, әлеуметтік құрамын анықтау, әлеуметтік көмек берілетін балалардың тізімін жасау	қыркүйек қаңтар	әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер
4	Ата-аналармен тұрмайтын балаларды анықтау мақсатымен 1-11 сынып оқушыларының іс-қағаздарын сұрыптау. Жетім, жартылай жетім, көп балалы, аз қамтамасыз етілген, толық емес отбасы, мүгедек, есепте тұратын, сәтсіз отбасылардан шыққан балалардың тізімін түзу	тамыз қыркүйек қаңтар	директор орынбасары, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер
Қорғаншылық және қамқоршылық бөлімі			
5	Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 4-бөлім 15 тарау: Жетім балаларды, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау және орналастыру, есепке алу, тізімін нақтылау, картотека жасау	жыл бойы	әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер
6	Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 4-бөлім 17-18 тараулары: қорғаншылардың немесе қамқоршылардың патронат нысанындағы қамқоршылық немесе қорғаншылық және қамқорлыққа алынғандардың құқықтық жағдайын бақылау қамқорлыққа алынушының мүлкіне билік ету, мүліктің сақталуы тұрғын қорынан анықтама әлеуметтік үй-тұрмыс жағдайларын зерделеу	жылына екі рет қазан-қараша наурыз-сәуір	директор орынбасары, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер
7	Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы №383 қаулысы, қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағуға жәрдемақы тағайындау, асыраушысынан айырылғанына байланысты жәрдемақылар, қаражаттардың орынды жұмсалуды бақылау- қамқоршы есебі	жылына екі рет желтоқсан мамыр	директор орынбасары, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер
8	Қазақстан Республикасының «Баланың құқықтары туралы» Заңы мен БҰҰ «Баланың құқықтары туралы» халықаралық Конвенцияны зерделеу. Қазақстан Республикасындағы «Баланың құқықтары туралы» Заңы, «Неке (ерлі зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 3-бөлім 10,11,12 тараулары: жанұялық өзара қарым-қатынастардың қажеттіліктерін, материалдық жағдайларын анықтау, балаларды тәрбиелеуге көмек көрсету мақсатымен қамқоршылар және ата-аналармен кеңес беру жұмысы	тоқсанда бір рет	әлеуметтік педагог
9	Қазақстан Республикасындағы 2007 жылғы «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау» туралы Заңы, 29-бабы 1 тармағы: Мүгедектерге тегін жалпы орта білім алуға кешілдік беріледі. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-	тамыз қыркүйек қаңтар мамыр	әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер

	педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 заңы: мүмкіндігі шектеулі мүгедек балалар туралы мәліметтерді жаналау.Әлеуметтік төлқұжат түзу, тізімін нақтылау.		
10	ҚР Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 04 шілдедегі №258 бұйрық талаптарына сай үйде жеке тегін оқытылатын мүмкіншілігі шектеулі балалардың құжаттандырылуы, әлеуметтік жағдайын бақылау, үйіне бару.	ай сайын	әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер

Әлеуметтік көмек көрсету бөлімі

11	«Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 Қаулысы: Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылар мен тәрбиеленушілеріне және Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, Төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау бағыты мен оларды есепке алу; Киім, аяқ киім, оқулықтар, оқу құралдарын, мектеп-жазу құралдарын сатып алуға; Оқитын жерінде тамақтандыруды ұйымдастыруға; Қаржылай көмек көрсетуге; Демалыс лагерьлеріне жолдамалар алуға; Отбасы және балалар саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 13 сәірдегі №198 бұйрығының 6,14 қосымшаға сәйкес өтініш пен растама құжаттарды рәсімдеуді ұйымдастыру.	тамыз қыркүйек желтоқсан қаңтар мамыр	әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер
12	Қорғаншылықтағы және тұрмысы аз қамтылған отбасы балаларын жаңа жылдық мерекелік, демеушілік іс-шараларға қатыстыру жұмысы.	қараша- желтоқсан	әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер

Отбасы және бала бөлімі

13	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалауынсыз және панасыз қалуының алдын алу туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңы, балалардың өмір сүру жағдайларын анықтау, кәмелетке толмағандар мен балалар арасында қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу, ерекше назардағы балалармен жұмыс; Тәртібі қиын оқушылар туралы мәлімет жинау, Қолайсыз, сәтсіз отбасы туралы мәлімет жинау әлеуметтік тұрмыстық жағдайын анықтау баланың қызығушылығы мен тұрғылықты жері бойынша айналасын зерттеу жасөспірімдерді құқық бұзушылыққа тартатын жағдайға шара қолдану жұмыстары баланың жеке қызығушылығын зерделеу.	жоспарға сәйкес	директор орынбасары, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер
14	Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-ІҮ Заңы (Осы Заң мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың және Қазақстан Республикасы азаматтарының тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі қызметінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды).Отбасындағы негативтік жағдайды болдырмау үшін көмек көрсету, кеңес беру.	жыл бойы	әлеуметтік педагог
15	Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекcін, тәрбиелеудегі оңды тәжірибені сақтау мақсатындағы жұмыста пайдалану, ата-аналар жиналысына қатысу.	тоқсан сайын	әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер
16	Жағдай төмен отбасыларды, өмірде қиын жағдайға тап болған балаларды анықтау, көмек көрсету.	кажет жағдайда	әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер
17	Мектеп оқушыларының денсаулық картасын қадағалау, профилактикалық-медициналық бақылаулар жүргізу	тоқсан сайын	әлеуметтік педагог, медбике
Әдістемелік жұмыс			
18	Педагогтердің, ата-аналардың, балалардың құқықтық мәдениетін ұйымдастыру	жыл бойы	әлеуметтік педагог
19	Интеллектуалды бұрышында жұмыс істеу	жыл бойы	әлеуметтік педагог
20	Өз білімін жетілдіру	үнемі	әлеуметтік педагог
21	Әлеуметтік педагог қызметінің жұмыс есебі	жоспарға сәйкес	әлеуметтік педагог

Дайындаған әлеуметтік педагог:

Анн

Ж.Антимбетова